

PHD ДОКТОРАНТУРАҒА ҚАБЫЛДАУ ТУРАЛЫ ЕРЕЖЕ

ЖАЛПЫ ЕРЕЖЕ

Осы Ереже «ОҚМА» АҚ PhD докторантурасына оқуға қабылдау тәртібін айқындайды.

НОРМАТИВТІК СІЛТЕМЕЛЕР

Осы Ережеде мынадай нормативтік құжаттарға сілтемелер пайдаланылды:

- «Білім туралы» Қазақстан Республикасының Заңы;
- «Жоғары және жоғары оқу орнынан кейінгі білімнің білім беру бағдарламаларын іске асыратын білім беру ұйымдарына оқуға қабылдаудың үлгілік қағидаларын бекіту туралы» Қазақстан Республикасы Білім және ғылым министрінің 2018 жылғы 31 қазандағы № 600 бұйрығы

ТЕРМИНДЕР, АНЫҚТАМАЛАР, БЕЛГІЛЕР, ҚЫСҚАРТУЛАР

Бұл құжатта келесі терминдер, анықтамалар, белгілер мен қысқартулар қолданылады:

- ҒКЖДжМБ - ғылыми-клиникалық жұмыс, докторантура және магистратура басқармасы
- ЖЖОКБҰ- жоғары және жоғары оқу орнынан кейінгі білім беру ұйымы
- «ОҚМА» АҚ – «Оңтүстік Қазақстан медицина академиясы» акционерлік қоғамы

ДОКТОРАНТУРАҒА ҚАБЫЛДАУ ТАЛАПТАРЫ

4.1 Талаптар «ОҚМА» АҚ докторантурасына тұлғаларды қабылдау тәртібін айқындайды.

4.2 «ОҚМА» АҚ докторантурасына түсетін адамдарды қабылдау ғылыми-педагогикалық бағыт бойынша кадрлар даярлауға мемлекеттік білім беру тапсырысын орналастыру, сондай-ақ азаматтардың қаражаты және конкурстық негізде өзге де көздер есебінен оқуға ақы төлеу арқылы жүзеге асырылады.

4.3. Докторантураға, оның ішінде нысаналы даярлық бойынша адамдарды қабылдау түсу емтихандарының нәтижелері бойынша конкурстық негізде жүзеге асырылады.

4.4 Шетелдік азаматтарды докторантураға қабылдау ақылы негізде жүзеге асырылады. Шет ел азаматтарын мемлекеттік білім беру тапсырысына сәйкес конкурстық негізде тегін жоғары оқу орнынан кейінгі білім алу құқығы магистратура бағдарламалары бойынша стипендиялық бағдарламаларды есепке алмағанда, Қазақстан Республикасының халықаралық шарттарымен айқындалады.

4.5 Шетел азаматтарын ЖОО-ға ақылы негізде оқуға қабылдау ЖОО-ның қабылдау комиссиясы күнтізбелік жыл ішінде өткізетін әңгімелесу нәтижелері бойынша жүзеге асырылады. Шетелдік азаматтарды қабылдау академиялық күнтізбеге сәйкес келесі академиялық кезең басталғанға дейін 5 (бес) күн бұрын жүзеге асырылады.

4.6 Шетелдік білім беру ұйымдары берген білім туралы құжаттар заңнамада белгіленген тәртіппен танылады.

Шет тіліндегі құжаттар мемлекеттік немесе орыс тіліндегі нотариалды куәландырылған аудармасымен бірге беріледі.

Шетелдік білім беру ұйымдары берген білім туралы құжаттар адамдар оқуға қабылданғаннан кейін оқудың 1 (бірінші) академиялық кезеңі ішінде Қазақстан Республикасының заңнамасында белгіленген тәртіппен білім туралы құжаттарды тану рәсімінен өтеді.

4.7 Құжаттарды қабылдау үшін қабылдау комиссиясы құрылады. Қабылдау комиссиясының төрағасы ЖОО басшысы немесе оның міндетін атқарушы тұлға болып табылады.

Қабылдау комиссиясының құрамы мен функциялары ЖОО ректорының немесе оның міндетін атқарушы адамның бұйрығымен бекітіледі.

Для поступающих в докторантуру приемная комиссия осуществляет:

1) түсушілерге таңдаған жоғары оқу орнынан кейінгі білім беру бағдарламалары тобының мәселелері бойынша консультация беру, түсу емтиханының рәсімімен таныстыруды;

2) түсушілердің құжаттарын қабылдау мен тексеруді ұйымдастыруды;

3) білім беру бағдарламаларының тобы бойынша түсу емтихандарын өткізуді ұйымдастыруды жүзеге асырады.

4.8 Докторантураға түсушілердің өтініштерін қабылдауды ЖОО-ның қабылдау комиссиясы күнтізбелік жылдың 3 шілдесінен 3 тамызына дейін жүргізеді.

GRE (Graduate Record Examinations) халықаралық стандартталған тест сертификаты бар тұлғалар түсу емтиханына қатысу үшін өтініш берген кезде сертификат деректерін енгізуі қажет.

Көрсетілген сертификат балдарын түсу емтиханының балдарына ауыстыру Қағидаларға 1-қосымшаға сәйкес мемлекеттік білім беру грантын беру конкурсына қатысу үшін өтініш берген кезде жүзеге асырылады.

Докторантураға білім беру бағдарламаларының топтары бойынша түсу емтихандары күнтізбелік жылдың 4 тамызынан 20 тамызына дейін өткізіледі.

Құжаттарды тапсыру кезінде оқуға түсуші білім беру бағдарламаларының бір тобын көрсетеді. Докторантураға түсуші тұлғалар мынадай құжаттар топтамасын тапсырады:

1) еркін нысандағы өтініш;

2) білім туралы құжат (құжаттарды қабылдау комиссиясына тапсырған кезде түпнұсқасы);

3) жеке басын куәландыратын құжат (жеке басын сәйкестендіру үшін қажет);

4) ҰТО берген мемлекеттік тіл бойынша емтихан тапсырғаны туралы ресми сертификат (ҚАЗТЕСТ);

5) шетел тілі бойынша тест тапсырғаны туралы сертификат:
ағылшын тілін меңгеру бойынша:

International English Language Tests System Academic (Интернашнал Инглиш Лангудж Тестс Систем Академик) (IELTS Academic) (АЙЛТС Академик), шекті балл кемінде – 5.5;

Test of English as a Foreign Language Institutional Testing Programm Internet-based Test (Тест ов Инглиш аз а Форин Лангудж Инстительюшнал Тестинг програм Интернет бейзид тест) (TOEFL IBT) (ТОЙФЛ АЙБИТИ), шекті балл кемінде – 46 балл;

Test of English as a Foreign Language Institutional Testing Programm (Тест ов Инглиш аз а Форин Лангудж институшинал тестинг програм) (TOEFL ITP) (ТОЙФЛ АЙТИПИ), шекті балл кемінде – 460;

неміс тілін меңгеру бойынша:

Deutsche Sprachprüfung fuer den Hochschulzugang Niveau B2 (дойче шпрахпрюфун фюр дейн хохшулцуган ниво B2) (DSH, Niveau B2) (ДЙСИЭИЧ, ниво B2) – B2 деңгейінен төмен емес;

TestDaF-Prüfung Niveau B2 (тестдаф-прюфун ниво B2) (TDF Niveau B2) (ТЙДИЭФ, ниво B2) - B2 деңгейінен төмен емес;

француз тілін меңгеру бойынша:

Test de Français International (Тест де франсэ Интернациональ) (TFI) (ТФИ) - оку және тыңдау секциялары бойынша B2 деңгейінен төмен емес;

Diplome d'Etudes en Langue français (Диплом дэтюд ан Ланг франсэз) (DELF) (ДЭЛФ) – B2 деңгейінен төмен емес;

Diplome Approfondi de Langue français (Диплом Аппрофонди де Ланг Франсэз) (DALF) (ДАЛФ) - B2 деңгейінен төмен емес;

Test de connaissance du français (Тест де коннэссанс дю франсэ) (TCF) (ТСФ) – B2 деңгейінен төмен емес;

6) № ҚР ДСМ-175/2020 бұйрықпен бекітілген 075/у нысаны бойынша электрондық форматтағы медициналық анықтама;

Белгілі бір аумақта шектеу іс-шаралары жүзеге асырылған, төтенше жағдай енгізілген, әлеуметтік, табиғи және техногендік сипаттағы төтенше жағдайлар туындаған жағдайларда осы іс-шаралардың алынуына қарай тікелей білім беру ұйымдарына медициналық анықтама ұсынады.

7) 3x4 сантиметр көлеміндегі алты фотосурет;

8) шетелдік азаматтарды қоспағанда, Қазақстан Республикасының Еңбек кодексіне сәйкес еңбек қызметін растайтын құжат;

9) соңғы 3 күнтізбелік жылдағы ғылыми жарияланымдар тізімі (болған жағдайда), зерттеулер жүргізу жоспары және эссе;

10) алдын ала іріктеу нәтижелері ("Денсаулық сақтау" білім саласы бойынша);

4), 5) және 8) тармақшаларда көрсетілген құжаттар түпнұсқада және көшірмелерде ұсынылады, салыстыру жүргізілгеннен кейін түпнұсқалары өтініш берушіге қайтарылады.

Лица, имеющие сертификат Test of English as a Foreign Language Institutional Test of English as a Foreign Language Institutional Testing Programm (Тест ов

Инглиш аз а Форин Лангудж институшинал тестинг програм) (TOEFL ITP) (ТОЙФЛ АЙТИПИ) сертификаты бар тұлғалар докторантураға түсу емтиханы басталғанға дейін ағылшын тілін білуге арналған қосымша тестілеуді (бұдан әрі – қосымша тестілеу) тапсырады.

Қосымша тестілеу "өтті" немесе "өтпеді" деген нысанда бағаланады. "Өтті" деген бағаны алу үшін кемінде 75 балл жинау керек.

Қосымша тестілеуді ҰТО білім беру саласындағы уәкілетті орган айқындаған ұйымдарда өткізеді.

Қосымша тестілеудің өткізілу күні, уақыты және орны түсушіге оның жеке кабинеті арқылы жолданады.

Қосымша тестілеу нәтижелері қосымша тестілеу аяқталғаннан кейін компьютер экранында көрсетіледі.

Қосымша тестілеу нәтижелері бойынша электрондық сертификат беріледі, ол ҰТО сайтында жарияланады және расталады және түсушінің жеке кабинетіне жіберіледі. Результаты дополнительного тестирования отображаются на экране компьютера после завершения дополнительного тестирования.

4-20 тамыз аралығында өткізілген қосымша тестілеу сертификаты күнтізбелік ағымдағы жылғы 1 желтоқсанға дейін жарамды.

Осы тармақта көрсетілген құжаттар тізбесін толық ұсынбаған жағдайда қабылдау комиссиясы түсушілерден құжаттарды қабылдамайды.

4.9 Докторантураға қабылдау күнтізбелік жылдың 15 тамызынан 28 тамызына дейін мерзімдерде жүргізіледі.

4.10 Докторантураға "магистр" дәрежесі және кемінде 9 ай еңбек өтілі бар немесе медицина мамандықтары бойынша резидентурада оқу бітірген тұлғалар қабылданады.

4.11 Докторантураға түсуші тұлғалар күнтізбелік жылғы 22 мен 28 тамыз аралығында көрсетілетін қызметті берушіге (ЖЖОКБҰ-ның қабылдау комиссиясы арқылы) немесе портал арқылы осы Ережедегі 2- қосымшаға сәйкес Негізгі талаптар тізбесінің 8-тармағында көрсетілген құжаттар топтамасын тапсырады.

Мемлекеттік қызмет көрсету процесінің сипаттамасын, нысанын, мазмұны мен нәтижесін, сондай-ақ мемлекеттік қызмет көрсету ерекшеліктерін ескере отырып өзге де мәліметтерді қамтитын Мемлекеттік қызмет көрсетуге қойылатын негізгі талаптар тізбесі Негізгі талаптар тізбесінде келтірілген.

Жеке басын куәландыратын құжаттар, жоғары білімі туралы немесе медициналық білім беру бағдарламалары бойынша «дәрігер» біліктілігінің бар екендігін көрсететін құжат, медициналық анықтама туралы мәліметтер көрсетілетін қызметті берушіге «электрондық үкімет» шлюзі арқылы тиісті мемлекеттік ақпараттық жүйелерден ұсынылады.

Көрсетілетін қызметті берушінің қызметкері құжаттар топтамасын қабылдауды, оларды тіркеуді және көрсетілетін қызметті алушыға құжаттар топтамасын қабылдау туралы қолхат беруді жүзеге асырады немесе көрсетілетін қызметті алушы құжаттар топтамасын толық ұсынбаған жағдайда құжаттарды қабылдаудан бас тартады.

Құжаттарды портал арқылы берген жағдайда көрсетілетін қызметті алушының «жеке кабинетінде» мемлекеттік қызмет көрсетуге арналған сұрау салуды қарау мәртебесі туралы ақпарат, сондай-ақ мемлекеттік көрсетілетін қызмет нәтижесін алу күні мен уақыты көрсетілген хабарлама көрсетіледі.

Көрсетілетін қызметті беруші олар түскен сәттен бастап ұсынылған құжаттардың толықтығын тексереді және құжаттар толық болмаған жағдайда өтінішті қараудан дәлелді бас тартуды дайындайды, ол өтініш берушіге порталдағы "жеке кабинетіне" электрондық құжат нысанында жіберіледі.

Көрсетілетін қызметті алушы құжаттардың толық топтамасын ұсынған жағдайда қызмет берушіге ЖЖОКБҰ-ға қабылдау үшін құжаттарды қабылдау туралы хабарлама жіберіледі. Хабарламаны алғаннан кейін көрсетілетін қызметті алушы көрсетілетін қызметті берушіге құжаттардың түпнұсқаларын күнтізбелік жылғы 28 тамызға дейін ұсынады.

Құжаттарды қабылдағаннан кейін ЖЖОКБҰ басшысы көрсетілетін қызметті алушыны ЖЖОКБҰ докторанттары қатарына қабылдау туралы бұйрық шығарады.

Көрсетілетін қызметті беруші Негізгі талаптар тізбесінің 9-тармағында көзделген негіздер бойынша мемлекеттік қызметті көрсетуден бас тартады.

4.12 Көрсетілетін қызметті беруші «Мемлекеттік көрсетілетін қызметтер туралы» Заңының 5-бабы 2-тармағының 11) тармақшасына сәйкес мемлекеттік қызметтер көрсету мониторингінің ақпараттық жүйесіне мемлекеттік қызметті көрсету сатысы туралы мәліметтерді енгізуді қамтамасыз етеді.

4.13 Мемлекеттік қызметтер көрсету мәселелері бойынша көрсетілетін қызметті берушінің шешіміне, әрекетіне (әрекетсіздігіне) шағым Қазақстан Республикасының заңнамасына сәйкес көрсетілетін қызметті беруші басшысының атына, мемлекеттік қызметтер көрсету сапасын бағалау және бақылау жөніндегі уәкілетті органға берілуі мүмкін.

Заңның 25-бабының 2-тармағына сәйкес көрсетілетін қызметті берушінің мекенжайына келіп түскен көрсетілетін қызметті алушының шағымы тіркелген күнінен бастап 5 (бес) жұмыс күні ішінде қаралуға жатады.

Көрсетілген мемлекеттік қызмет нәтижелерімен келіспеген жағдайда, көрсетілетін қызметті алушының Қазақстан Республикасының заңнамасында белгіленген тәртіппен сотқа жүгінуге құқығы бар.

4.14 Докторантураның білім беру бағдарламаларының топтары бойынша мемлекеттік білім беру тапсырысы бойынша мақсатты даярлау аясында тұлғалардың өтініштерін (еркін түрде) қабылдау ЖОО-да жүргізіледі.

4.15 Докторантураға түсушілер шет тілін маңгерудің жалпыеуропалық құзыреттілікке (стандарттарына) сәйкес шет тілін меңгергендігін растайтын халықаралық сертификаттарды ұсынады:

ағылшын тілі: IELTS Academic (International English Language Testing System Academic), шекті балл кемінде – 5,5;

TOEFL IBT (Test of English as a Foreign Language Internet-based test), шекті балл кемінде – 46;

TOEFL ITP (Test of English as a Foreign Language Institutional Testing Programm), шекті балл – кемінде 460;

неміс тілі: Deutsche Sprachprüfung fuer den Hochschulzugang (DSH, Niveau B2/B2 деңгейінен төмен емес), TestDaF-Prüfung (Niveau B2/B2 деңгейінен төмен емес);

француз тілі: TFI (Test de Français International™) – оқу және тыңдау секциялары бойынша B2 деңгейінен төмен емес), DELF (Diplome d'Études en Langue française) – B2 деңгейінен төмен емес, DALF (Diplome Approfondi de Langue française) – B2 деңгейінен төмен емес, TCF (Test de connaissance du français) – B2 деңгейінен төмен емес;

Ұсынылатын сертификаттардың түпнұсқалығы мен жарамдылық мерзімін ЖОО-ның қабылдау комиссиялары тексереді.

TOEFL ITP (Test of English as a Foreign Language Institutional Testing Programm) сертификаты бар тұлғалар докторантураға түсу емтиханы басталғанға дейін қосымша тестілеуді тапсырады.

Қосымша тестілеудің тест тапсырмаларының саны 100 сұрақты құрайды. Ең жоғарғы балл саны 100 балды құрайды.

Қосымша тестілеу «өтті» немесе «өтпеді» деген нысанда бағаланады. "Өтті" деген бағаны алу үшін кемінде 75 балл жинау керек.

Қосымша тестілеуді ҰТО білім беру саласындағы уәкілетті орган айқындаған ұйымдарда өткізеді.

Қосымша тестілеудің өткізілу күні, уақыты және орны түсушіге оның "жеке кабинеті" арқылы жолданады.

Мемлекеттік немесе ресми тілі ағылшын тілі болып табылатын елдерде шетелдік ЖЖОКБҰ-ны аяқтаған және экономикалық ынтымақтастық және даму ұйымына (ЭЫДҰ) мүше мемлекеттердің аккредиттеу органдарының тізіліміне және (немесе) қауымдастығына енгізілген шетелдік аккредиттеу органдарының мамандандырылған аккредитациясы бар тұлғалар 5 жыл ішінде осы тармақта көрсетілген шет тілін меңгерудің жалпыеуропалық құзыреттеріне (стандарттарына) сәйкес шет тілін меңгергенін растайтын халықаралық сертификаттарды ұсынбайды.

4.16 Докторантураға қабылдау екі кезеңде жүргізіледі: алдын ала іріктеу, түсу емтихандары.

4.17 Құжаттарды қабылдау және алдын ала іріктеу мен түсу емтихандарын өткізуді ұйымдастыру үшін «ОҚМА» АҚ-да қабылдау комиссиясы, алдын ала іріктеу емтихан комиссиясы, түсу емтихандарының емтихан комиссиясы және апелляциялық комиссия құрылады. Қабылдау комиссиясының төрағасы "ОҚМА" АҚ ректоры болып табылады. Қабылдау комиссиясының, емтихан комиссияларының және апелляциялық комиссияның құрамы «ОҚМА» АҚ ректорының бұйрығымен бекітіледі.

4.18 PhD докторантурада кадрлар даярлау магистратура мен резидентураның білім беру бағдарламалары негізінде жүзеге асырылады. Бұл ретте «кіре берісте» докторантураның білім беру бағдарламасының бейіні магистратура бағдарламасымен сәйкес келген жағдайда, алдыңғы білім беру деңгейінің Оқыту нәтижелері автоматты түрде танылады; докторантураның білім беру бағдарламасының бейіні магистратура бағдарламасымен сәйкес келмеген жағдайда докторантқа игеру үшін Пререквизиттер белгіленеді. Қажетті

пререквизиттердің тізбесін және оларды игеру мерзімдерін «ОҚМА» АҚ дербес айқындайды. Пререквизиттер ақылы негізде игеріледі.

4.19 PhD докторантураға бейінді жолдама магистрі түскен кезде оған ғылыми-педагогикалық магистратураның педагогикалық бейінінің жоғары оқу орнынан кейінгі білім берудің білім беру бағдарламасы Пререквизиттер ретінде қосымша белгіленеді.

АЛДЫН АЛА ІРІКТЕУДІ ӨТКІЗУ ТӘРТІБІ

5.1 Докторантураға түсушілерді алдын ала іріктеу (бұдан әрі – алдын ала іріктеу) үміткерлердің оқуға дайындығын айқындау үшін жүргізіледі және докторантураға қабылдаудың бірінші кезеңі болып табылады.

5.2 Алдын ала іріктеуді өткізу үшін білім беру бағдарламаларының топтары бойынша емтихан комиссиясы құрылады. Кадрларды даярлаудың ұқсас бағыттары бойынша бір емтихан комиссиясын құруға жол беріледі.

5.3 Білім беру бағдарламаларының топтары бойынша емтихан комиссиясы тиісті бейін бойынша ғылым докторы немесе кандидаты ғылыми дәрежесі немесе философия докторы (PhD) дәрежесі бар академия қызметкерлері, профессор-оқытушылар құрамы қатарынан қалыптастырылады.

5.4 Емтихан комиссияларының құрамы олардың төрағаларын көрсете отырып, ЖОО ректорының бұйрығымен бекітіледі.

5.5 Алдын ала іріктеу түсу емтихандары басталғанға дейін күнтізбелік жылдың 1 ақпанынан 15 сәуіріне дейін жүргізіледі. Алдын ала іріктеу кезеңінде докторантураның білім беру бағдарламалары бойынша оқуға түсетін адамдардың құжаттарын қабылдау және зерделеу жүргізіледі.

5.6 Алдын ала іріктеуді өткізу үшін бітіруші кафедралар білім беру бағдарламасы бойынша түсу емтиханының бағдарламасын әзірлейді және оны бірінші проректор бекітеді (нысан 044/267-03-2023).

5.7 Алдын ала іріктеу нәтижелері бойынша Әрбір емтихан алушыға емтихан комиссиясы отырысының хаттамасы толтырылады (нысан 044/267-01-2023).

5.8 Докторантураға оқуға қабылдаудың екінші кезеңіне жіберу туралы шешім үміткердің құжаттарын қарау және әңгімелесу өткізу қорытындылары бойынша қабылданады.

5.9 Алдын ала іріктеу нәтижелері түсу емтихандарына "рұқсат беру" немесе "жібермеу" болып табылады.

5.10 Алдын ала іріктеу қорытындылары шешім хаттамасына енгізіледі, сондай-ақ үміткерге тапсыру үшін хаттамадан үзінді көшірме түрінде ресімделеді.

5.11 «ОҚМА» АҚ сайтында (<https://skma.edu.kz/>) үміткерлерге оқуға қабылдау қағидалары және алдын ала іріктеуді өткізу тәртібі туралы ақпарат беріледі.

ТҮСУ ЕМТИХАНДАРЫН ӨТКІЗУ ТӘРТІБІ

6.1 Докторантураға түсу емтиханы ауызша түрде өткізіледі.

6.2 Түсу емтихандарын тапсыру күні, уақыты мен орны ЖОО-ның ресми сайты арқылы түсушілердің назарына жеткізіледі.

6.3 Докторантураға түсу емтихандарын өткізу кезеңінде білім беру бағдарламаларының топтары бойынша емтихан комиссиялары құрылады. Кадрларды даярлаудың ұқсас бағыттары бойынша бір емтихан комиссиясын құруға жол беріледі. Емтихан комиссиясының құрамы олардың төрағаларын көрсете отырып, "ОҚМА" АҚ ректорының бұйрығымен бекітіледі.

6.4 Емтихан комиссиялары тиісті бейін бойынша «ОҚМА» АҚ қызметкерлері мен ғылым докторы немесе кандидаты ғылыми дәрежесі немесе философия докторы (PhD) дәрежесі бар профессор-оқытушылар құрамынан құрылады.

6.5 Емтихан комиссиясының құрамына апелляциялық комиссияның мүшелері кірмейді.

6.6 Емтихан комиссияларының құрамы олардың төрағаларын көрсете отырып ЖОО басшысының бұйрығымен бекітіледі және білім беру және денсаулық сақтау саласындағы уәкілетті органға жіберіледі.

6.7 Докторантураға түсу емтихандары 4 тамыздан 20 тамызға дейін өткізіледі.

6.8 Үміткерлерге дайындық уақыты беріледі, оның барысында олар қағазға жауап бере алады. Үміткерлердің жауаптары мөрмен мөрленеді.

6.9 Емтихандарды өткізу үшін бітіруші кафедра пән/білім беру бағдарламасы бойынша түсу емтиханының бағдарламасын әзірлейді және бірінші проректормен бекітіледі (нысан 044/267-03-2023).

6.10 Емтиханды ауызша өткізу кезінде емтихан билеттері кемінде төрт сұрақтан құралады. Түсу емтихандарының нәтижелері бойынша Әрбір емтихан алушыға емтихан комиссиясы отырысының хаттамасы (нысан 044/267-01-2023) және емтихан алушының бағалау парағы толтырылады (044/267-02-2023). Әр сұрақ үшін баға қойылады. Қорытынды баға бағалау парағында белгісі бар барлық сұрақтар үшін барлық бағалар бойынша орташа балды есептеу жолымен қойылады.

6.11 Бағалау қою "тиісті үлгідегі білім беру ұйымдары қызметінің үлгілік қағидаларын бекіту туралы" ҚР БҒМ 30.10.2018 ж. №595 бұйрығына сәйкес Білімді бағалаудың балдық-рейтингтік жүйесі бойынша жүргізіледі.

6.12 Түсу емтиханының нәтижелерімен келіспеген тұлғалардың өтініштерін қарастыру үшін «ОҚМА» АҚ-да апелляциялық комиссиялар құрылады. «ОҚМА» АҚ-дағы апелляциялық комиссияның төрағасы мен құрамы қабылдау комиссиясы төрағасының бұйрығымен бекітіледі. Апелляциялық комиссия докторантураға түсуші тұлғалардан емтихан материалдарының мазмұны мен техникалық себептері бойынша түскен өтініштерді қабылдайды және қарайды. Апелляциялық комиссия докторантураның білім беру бағдарламасының тобы бойынша түсу емтиханының нәтижелеріне апелляция берген адамның өтініші бойынша шешім қабылдайды.

6.13 Докторантураға түсетін тұлғалардан апелляцияға өтініш апелляциялық комиссия төрағасының атына түсушілердің жеке өзіне беріледі. Өтініштер докторантураға түсу емтиханының нәтижелері жарияланғаннан кейін келесі күні

сағат 13.00 - ге дейін қабылданады және өтініш берілген күннен бастап бір күн ішінде «ОҚМА» АҚ апелляциялық комиссиясымен қаралады. Апелляциялық комиссия әр адаммен жеке жұмыс істейді. Адам апелляциялық комиссияның отырысына келмеген жағдайда оның апелляцияға берген өтініші қаралмайды. Апелляциялық комиссия өтінішті қараған кезде апелляция берген тұлға жеке басын куәландыратын құжатты ұсынады.

6.14 Апелляциялық комиссияның шешімі комиссия мүшелерінің жалпы санының көпшілік даусымен қабылданады. Дауыстар тең болған жағдайда Комиссия төрағасының дауысы шешуші болып табылады. Апелляциялық комиссияның жұмысы төраға мен Комиссияның барлық мүшелері қол қойған хаттамамен ресімделеді.

ДОКТОРАНТУРАҒА ҚАБЫЛДАУ

7.1 Докторантураға қабылдау «ОҚМА» АҚ ректорының бұйрығымен жүргізіледі.

7.2 Докторантураға тұлғаларды ақылы негізде қабылдау шет тілін меңгерудің жалпыеуропалық құзыреттеріне (стандарттарына) сәйкес шет тілін меңгергенін растайтын халықаралық сертификатының негізінде және докторантураның білім беру бағдарламалары топтарының бейіні бойынша түсу емтиханының қорытындысы бойынша және мүмкін болған 100 балдан кемінде 75 балл жинаған жағдайда жүзеге асырылады.

Мемлекеттік білім беру тапсырысы бойынша докторантурада білім алу үшін түсу емтиханынан кемінде 75 балл жинаған тұлғалар конкурстық негізде қабылданады.

7.3 Конкурстық балдардың көрсеткіштері бірдей болған жағдайда, докторантураға қабылдау кезінде басым құқық білім беру бағдарламасы тобының бейіні бойынша түсу емтиханында ең жоғары баға алған тұлғаға беріледі. Содан соң эссе, оқуға дайындығын анықтауға арналған тест балдары, білім беру бағдарламасының бейініне сәйкес ғылыми жетістіктері: ғылыми жарияланымдар, оның ішінде Clarivate Analytics компаниясының Web of science деректер базасының Journal Citation Reports деректері бойынша соңғы күнтізбелік 3 жылдағы 1, 2 квинтильге кіретін рейтингтік ғылыми басылымдардағы жарияланымдар; ғылыми әзірлемелер туралы куәліктер; ғылыми стипендияларды, гранттарды тағайындау туралы сертификаттар; ғылыми конференцияларға және конкурстарға қатысқаны үшін берілген грамоталар/дипломдар ескеріледі.

7.4 Мемлекеттік білім беру тапсырысы бойынша игерілмеген орындар докторантураға күнтізбелік жылдың 5 қыркүйегіне дейін докторантураның білім беру бағдарламалары топтары бөлінісінде жжқбұ арасында одан әрі қайта бөлу үшін өтінім түрінде уәкілетті органдарға қайтарылады.

7.5 Мемлекеттік грант негізінде оқуға түскен Қазақстан Республикасының азаматтары «Маманды жұмысқа жіберу, өз бетімен жұмысқа орналасу құқығын беру, мемлекеттік білім беру тапсырысы негізінде білім алған азаматтарды

жұмысын өтеу жөніндегі міндетінен босату немесе олардың міндетін тоқтату қағидаларын бекіту және «Білім беру грантын беру ережесін бекіту туралы» Қазақстан Республикасы Үкіметінің 2008 жылғы 23 қаңтардағы № 58 қаулысына өзгерістер мен толықтырулар енгізу туралы» Қазақстан Республикасы Үкіметінің 2012 жылғы 30 наурыздағы № 390 қаулысында белгіленген тәртіппен кемінде 3 (үш) жыл жұмыспен өтеу туралы шарт жасайды.

7.6 «ОҚМА» АҚ білім беру, денсаулық сақтау және мәдениет саласындағы уәкілетті органдарға 10 күнтізбелік күн ішінде қабылдауды ұйымдастыру және өткізу жөніндегі қорытынды есепті, сондай-ақ мемлекеттік білім беру тапсырысы бойынша магистратураға, резидентураға және докторантураға қабылдау туралы бұйрықтардың көшірмелерін ұсынады.

GRE стандартталған тесттің халықаралық сертификатының балдарын докторантураға түсу емтиханы балдарына ауыстыру шкаласы

GRE халықаралық стандартталған тест			Түсу емтихандары	Балл
Тест секциялары	«Педагогикалық ғылымдар» білім салаларына арналған, «Гуманитарлық ғылымдар», «Әлеуметтік ғылымдар» кадрларды даярлау бағыттарына арналған балдар	«Жаратылыстану ғылымдары, математика және статистика», «Ақпараттық-коммуникативтік технологиялар», «Инженерлік, өңдейтін және құрылыс салалары» білім салаларына арналған, «Бизнес және басқару» кадрларды даярлау бағыттарына арналған балдар		
Quantitative Reasoning	155 балдан кем емес	160 балдан кем емес	Оқуға дайындығын анықтауға арналған тест	10
Analytical Writing	3 балдан кем емес	3 балдан кем емес		
Quantitative Reasoning	160 балдан кем емес	165 балдан кем емес	Оқуға дайындығын анықтауға арналған тест	20
Analytical Writing	4 балдан кем емес	4 балдан кем емес		
Quantitative Reasoning	165 балдан кем емес	170 балдан кем емес	Оқуға дайындығын анықтауға арналған тест	30
Analytical Writing	5 балдан кем емес	5 балдан кем емес		
Verbal Reasoning	149 балдан кем емес	145 балдан кем емес	Эссе жазу	5
Verbal Reasoning	160 балдан кем емес	150 балдан кем емес	Эссе жазу	7
Verbal Reasoning	165 балдан кем емес	160 балдан кем емес	Эссе жазу	10

ҚОСЫМША 2

«Жоғары оқу орнынан кейінгі білім беру бағдарламалары бойынша оқыту үшін жоғары және (немесе) жоғары оқу орнынан кейінгі білім беру ұйымдарына құжаттар қабылдау және оқуға қабылдау» мемлекеттік қызмет көрсетуге қойылатын негізгі талаптар тізбесі

1.	Көрсетілетін қызметті берушінің атауы	Мемлекеттік қызметті жоғары және жоғары оқу орнынан кейінгі білім беру ұйымдары (ЖЖОКБҰ) – (бұдан әрі – көрсетілетін қызметті беруші) көрсетеді.
2.	Мемлекеттік қызметті көрсету тәсілдері	Өтінішті қабылдау және мемлекеттік қызметті көрсету нәтижесін беру: 1) көрсетілетін қызметті беруші; 2) www. egov. kz «электрондық үкімет» веб-порталы (бұдан әрі – портал) арқылы жүзеге асырылады.
3.	Мемлекеттік қызмет көрсету мерзімі	Жоғары оқу орнынан кейінгі білім беру бағдарламалары бойынша түсетін көрсетілетін қызметті алушылар үшін көрсетілетін қызметті берушіге құжаттар топтамасын тапсырған сәттен бастап: 1) күнтізбелік жылдың 15 тамызынан 28 тамызына дейін;
4.	Мемлекеттік қызметті көрсету нысаны	Электрондық (ішінара автоматтандырылған) және (немесе) қағаз түрінде.
5.	Мемлекеттік қызметті көрсету нәтижесі	Мемлекеттік қызмет көрсету нәтижесі № 39 бұйрықпен бекітілген нысан бойынша құжаттарды қабылдау туралы қолхат беру және күнтізбелік жылдың 28 тамызына қабылдау емтихандарының қорытындысы бойынша конкурстық іріктеуден өткендерге ЖЖОКБҰ-ға қабылдау туралы бұйрық шығару болып табылады. Мемлекеттік қызметті көрсету нәтижесін ұсыну нысаны: электрондық немесе қағаз түрінде. Көрсетілетін қызметті берушіге мемлекеттік қызмет көрсету нәтижесі үшін қағаз жеткізгіште жүгінген кезде нәтиже қағаз жеткізгіште ресімделеді. Портал арқылы жүгінген кезде көрсетілетін қызметті алушының «жеке кабинетіне» көрсетілетін қызметті берушінің уәкілетті тұлғасының электрондық цифрлық қолтаңбасы (бұдан әрі – ЭЦҚ) қойылған электрондық құжат нысанында білім беру ұйымына қабылданғаны туралы хабарлама келеді.
6.	Мемлекеттік қызмет көрсету кезінде көрсетілетін қызметті алушыдан алынатын төлемақы мөлшерін және Қазақстан Республикасының заңнамасында көзделген жағдайларда оны алу тәсілдері	Мемлекеттік қызмет тегін көрсетіледі
7.	Көрсетілетін	Көрсетілетін қызметті беруші: Қазақстан Республикасының еңбек

	<p>қызметті берушінің, Мемлекеттік корпорацияның және ақпарат объектілерінің жұмыс графигі</p>	<p>заңнамасына сәйкес демалыс және мереке күндерін қоспағанда, дүйсенбіден бастап сенбіні қоса алғанда, көрсетілетін қызметті берушінің белгіленген жұмыс кестесіне сәйкес сағат 13.00-ден 14.30-ға дейінгі түскі үзіліспен сағат 9.00-ден 18.30-ға дейін.</p> <p>Портал: жөндеу жұмыстарын жүргізуге байланысты техникалық үзілістерді қоспағанда, тәулік бойы.</p> <p>Көрсетілетін қызметті алушы Қазақстан Республикасының еңбек заңнамасына сәйкес жұмыс уақыты аяқталғаннан кейін, демалыс және мереке күндері жүгінген кезде өтініштерді қабылдау және мемлекеттік қызмет көрсету нәтижелерін беру келесі жұмыс күні жүзеге асырылады.</p> <p>Мемлекеттік қызмет көрсету орындарының мекен-жайлары:</p> <p>1) Министрліктің интернет-ресурсында: www.edu.gov.kz;</p> <p>2) порталда: www.egov.kz орналастырылған.</p>
<p>8.</p>	<p>Перечень документов сведений, истребуемых у услугополучателя для оказания государственной услуги</p>	<p>1. Докторантураға түсуші тұлғалар мынадай құжаттар топтамасын тапсырады: ЖЖОКБҰ-ға өтініш жасаған кезде:</p> <p>1) ЖЖОКБҰ басшысының атына еркін нысандағы өтініш;</p> <p>2) білім туралы құжат (құжаттарды қабылдау комиссиясына тапсырған кезде түпнұсқасы);</p> <p>3) жеке басын куәландыратын құжат не цифрлық құжаттар сервисінен электрондық құжат (жеке басын сәйкестендіру үшін қажет);</p> <p>4) ҰТО берген мемлекеттік тіл бойынша емтихан (КАЗТЕСТ) тапсырғаны туралы ресми сертификат;</p> <p>5) шетел тілі бойынша тест тапсырғаны туралы сертификат:</p> <p>ағылшын тілін меңгеру бойынша:</p> <p>International English Language Tests System Academic (Интернашнал Инглиш Лангудж Тестс Систем Академик) (IELTS Academic) (АЙЛТС Академик), шекті балл кемінде – 5.5;</p> <p>и Test of English as a Foreign Language Institutional Testing Programm Internet-based Test (Тест ов Инглиш аз а Форин Лангудж у Инстительюшнал Тестинг програм Интернет бейзид тест) (TOEFL IBT) (ТОЙФЛ АЙБИТИ), шекті балл кемінде – 87;</p> <p>и Test of English as a Foreign Language Paper-based testing (Тест ов Инглиш аз а Форин Лангудж пэйпер бэйсед тэстинг) (TOEFL PBT) (ТОЙФЛ ПЙБИТИ), шекті балл кемінде – 453;</p> <p>и Test of English as a Foreign Language Institutional Testing Programm (Тест ов Инглиш аз а Форин Лангудж институшинал тестинг програм) (TOEFL ITP) (ТОЙФЛ АЙТИПИ), шекті балл – кемінде 460;</p> <p>неміс тілін меңгеру бойынша:</p> <p>Deutsche Sprachpruefung fuer den Hochschulzugang Niveau B2 (дойче шпрахпрюфун фюр дейн хохшулцуган ниво B2) (DSH, Niveau B2) (ДЙСИЭИЧ, ниво B2) – B2 деңгейінен төмен емес;</p> <p>и TestDaF-Pruefung Niveau B2 (тестдаф-прюфун ниво B2) (TDF Niveau B2) (ТЙДИЭФ, ниво B2) - B2 деңгейінен төмен емес;</p> <p>и француз тілін меңгеру бойынша:</p> <p>и Test de Français International (Тест де франсэ Интернациональ) (TFI) (ТФИ) - оқу және тыңдау секциялары бойынша B2 деңгейінен төмен емес;</p>

Diplome d'Etudes en Langue français (Диплом дәтюд ан Ланг франсэз) (DELF) (ДЭЛФ) – В2 деңгейінен төмен емес;

Test de connaissance du français (Тест де коннэссанс дю франсэ) (TCF) (ТСФ), шекті балл кемінде – В2 деңгейінен төмен емес;

6) № ҚР ДСМ-175/2020 бұйрықпен бекітілген 075/у нысаны бойынша электрондық форматтағы медициналық анықтама;

Белгілі бір аумақта шектеу іс-шаралары жүзеге асырылған, төтенше жағдай енгізілген, әлеуметтік, табиғи және техногендік сипаттағы төтенше жағдайлар туындаған жағдайларда осы іс-шаралардың алынуына қарай тікелей білім беру ұйымдарына медициналық анықтама ұсынады.

7) 3x4 сантиметр көлеміндегі алты фотосурет;

8) жұмыс орны бойынша кадр қызметімен расталған кадрларды есепке алу жөніндегі жеке іс парағы немесе еңбек қызметін растайтын өзге құжат;

9) соңғы 3 күнтізбелік жылдағы ғылыми жарияланымдар тізбесі (болған жағдайда), зерттеулер жүргізу жоспары және эссе;

10) алдын ала іріктеу нәтижелері ("Денсаулық сақтау" білім саласы бойынша).

Осы тармақтың 5) және 8) тармақшаларда көрсетілген құжаттар көшірмелерімен бірге салыстыру үшін олардың түпнұсқалары ұсынылады. Салыстыру жүргізілгеннен кейін түпнұсқалары көрсетілетін қызметті алушыға қайтарылады.

Осы тармақта көрсетілген құжаттар тізбесін толық ұсынбаған жағдайда қабылдау комиссиясы түсушілерден құжаттарды қабылдамайды. портал арқылы өтініш жасаған кезде:

1) көрсетілетін қызметті алушының ЭЦҚ қойылған электрондық құжат нысанындағы сұрау салу;

2) болжамды отандық немесе шетелдік ғылыми Консультантпен келісілген Жоспарланған диссертациялық зерттеу негіздемесінің электрондық құжаты;

3) білімі туралы электрондық құжат;

4) ҰТО берген мемлекеттік тіл бойынша емтихан (КАЗТЕСТ) тапсырғаны туралы ресми сертификат;

5) шет тілінен тест тапсырғаны туралы электрондық сертификат: ағылшын тілін меңгеру бойынша:

International English Language Tests System Academic (Интернашнал Инглиш Лангудж Тестс Систем Академик) (IELTS Academic) (АЙЛТС Академик), шекті балл кемінде – 5.5;

Test of English as a Foreign Language Institutional Testing Programm Internet-based Test (Тест ов Инглиш аз а Форин Лангудж Инстительюшнал Тестинг програм Интернет бейзид тест) (TOEFL IBT) (ТОЙФЛ АЙБИТИ), шекті балл кемінде – 87;

Test of English as a Foreign Language Paper-based testing (Тест ов Инглиш аз а Форин Лангудж пэйпер бэйсед тэстинг) (TOEFL PBT) (ТОЙФЛ ПЙБИТИ), шекті балл кемінде – 453;

Test of English as a Foreign Language Institutional Testing Programm (Тест ов Инглиш аз а Форин Лангудж институшинал тестинг програм) (TOEFL ITP) (ТОЙФЛ АЙТИПИ), шекті балл – кемінде 460;

неміс тілін меңгеру бойынша:

		<p>Deutsche Sprachprüfung fuer den Hochschulzugang Niveau B2 (дойче шпрахпрюфун фюр дейн хохшулцуган ниво B2) (DSH, Niveau B2) (ДЙСИЭИЧ, ниво B2) – B2 деңгейінен төмен емес;</p> <p>TestDaF-Prüfung Niveau B2 (тестдаф-прюфун ниво B2) (TDF Niveau B2) (ТЙДИЭФ, ниво B2) - B2 деңгейінен төмен емес;</p> <p>француз тілін меңгеру бойынша:</p> <p>Test de Français International (Тест де франсэ Интернациональ) (TFI) (ТФИ) - оқу және тыңдау секциялары бойынша B2 деңгейінен төмен емес;</p> <p>Diplome d'Etudes en Langue française (Диплом дэтюд ан Ланг франсэз) (DELF) (ДЭЛФ) – B2 деңгейінен төмен емес;</p> <p>Test de connaissance du français (Тест де коннэссанс дю франсэ) (TCF) (ТЦФ), шекті балл кемінде – B2 деңгейінен төмен емес;</p> <p>б) көлемі 3x4 сантиметр сандық фото;</p> <p>7) № ҚР ДСМ-175/2020 бұйрықпен бекітілген 075/у нысаны бойынша электрондық форматтағы медициналық анықтама;</p> <p>Белгілі бір аумақта шектеу іс-шаралары жүзеге асырылған, төтенше жағдай енгізілген, әлеуметтік, табиғи және техногендік сипаттағы төтенше жағдайлар туындаған жағдайларда осы іс-шаралардың алынуына қарай тікелей білім беру ұйымдарына медициналық анықтама ұсынады.</p> <p>8) еңбек қызметін растайтын электрондық құжат (еңбек өтілі бар тұлғалар үшін);</p> <p>9) соңғы 3 күнтізбелік жылдағы ғылыми жарияланымдар тізбесі (болған жағдайда), зерттеулер жүргізу жоспары және эссе.</p> <p>Жеке басын куәландыратын құжаттар туралы мәліметтер, жоғары білім туралы құжат, медициналық анықтама, медициналық білім беру бағдарламалары бойынша "дәрігер" біліктілігінің бар екендігін көрсететін құжат көрсетілетін қызметті берушіге "электрондық үкімет" шлюзі арқылы тиісті мемлекеттік ақпараттық жүйелерден ұсынылады.</p>
9.	Қазақстан Республикасының заңнамасында белгіленген мемлекеттік қызмет көрсетуден бас тарту үшін негіздемелер	<p>Көрсетілетін қызметті беруші мемлекеттік қызметті көрсетуден келесі негіздемелер бойынша бас тартады:</p> <p>1) көрсетілетін қызметті алушы мемлекеттік көрсетілетін қызметті алу үшін ұсынған құжаттардың және (немесе) олардағы деректердің (мәліметтердің) дұрыс еместігін анықтау;</p> <p>2) көрсетілетін қызметті алушының және (немесе) мемлекеттік қызмет көрсету үшін қажетті ұсынылған материалдардың, объектілердің, деректердің және мәліметтердің Қазақстан Республикасының нормативтік құқықтық актілерінде белгіленген талаптарға сәйкес келмеуі.</p>
10.	Мемлекеттік қызмет көрсету, оның ішінде электрондық нысанда және Мемлекеттік корпорация арқылы көрсету ерекшеліктері ескеріле отырып, өзге де талаптар	<p>1) көрсетілетін қызметті алушының құжаттар топтамасын тапсыруы үшін күтудің рұқсат етілген ең ұзақ уақыты-15 минут;</p> <p>2) көрсетілетін қызметті алушыға қызмет көрсетудің рұқсат етілген ең ұзақ уақыты-15 минут (практиканы ескере отырып).</p> <p>Көрсетілетін қызметті алушы ЭЦҚ болған жағдайда мемлекеттік көрсетілетін қызметті портал арқылы электрондық нысанда алады.</p> <p>Көрсетілетін қызметті алушының мемлекеттік қызмет көрсету тәртібі мен мәртебесі туралы ақпаратты қашықтықтан қол жеткізу режимінде көрсетілетін қызметті берушінің Мемлекеттік қызмет</p>

	<p>көрсету мәселелері жөніндегі анықтама қызметтері, Бірыңғай байланыс орталығы арқылы алуға мүмкіндігі бар.</p> <p>Көрсетілетін қызметті берушінің Мемлекеттік қызмет көрсету мәселелері жөніндегі анықтама қызметтерінің байланыс телефондары Министрліктің интернет-ресурсында орналастырылған: www.edu.gov.kz және бірыңғай байланыс орталығы: 8-800-080-7777, 1414.</p> <p>Бірыңғай байланыс орталығы «1414», 8-800-080-7777.</p>
--	----------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------